ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
«23» 01 2023 ж. жүргізілді
БСН 230140028535



ҚазақстанРеспубликасы
Премьер-Министрініңорынбасары -
Саудажәне интеграция министрінің
2022 жылғы «29» желтоқсандағы
№ 508-НҚ бұйрығына
10-қосымша

**«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ішкі сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау салаларында реттеушілік, іске асырушылық, бақылау функцияларды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департамент заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қолбасшы Қойгелді көшесі, 188.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республиканское государственное учреждение «Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Жамбылской области».

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметте налынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) тұтынушылардың құқығын қорғау саласында біртұтас және тиімді саясатты қалыптастыру;

2) ішкі сауданы дамыту және реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру;

3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

8) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

9) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

10) Министрлік және сауда және тұтынушылардың құқытарын қорғау комитеттері басшылығының жетекшілік ететін бағыттар бойынша нұсқаулары мен тапсырмаларын орындауға міндетті;

11) Департаменттің ішкі сауда саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда ішкі сауда саласындағы есептік деректерді Сауда комитетіне ұсыну;

12) Департаменттің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ қажет болған жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы есептік деректерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсыну;

13) жеке және заңды тұлғалардың хабарламаларды, ұсыныстарды, үн қосуларды, сұрау салуларды және жолданымдарды тыңғылықтылықпен, мұқияттылықпен қарау;

14) Департамент жұмысында «халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделінің қағидаттарын іске асыру, Департаменттің азаматтар мен азаматтық қоғам институттары үшін қолжетімді болу;

15) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін әзірлеу;

3) сауда инфрақұрылымын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржалары және биржалық сауда қызметінің мәселелері бойынша ақпарат жариялау;

5) сауда қызметін дамыту, сондай-ақ тауарларды өндіру және сату үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізуге бастамашылық ету, қатысу және оларды ұйымдастыру.

7) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

8) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

9) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

10) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

11) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

12) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

13) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуын жоспардан тыс тексеру және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

14) Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасын бұзу фактілері бойынша мемлекеттік органдардан, тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінен, тұтынушылардың заңды мүдделерінің өкілдерінен, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алынған ақпарат пен есептілік негізінде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу;

15) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жазалар қолдану;

16) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

17) статистикалықесептіліктіәзірлеу және Мемлекеттік статистика органдарына табыс ету;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен аумақтық органдарға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

## 3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезіндегі басшысының мәртебесі және өкілеттігі

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды;

2) Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

4) басқа мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін білдіреді;

5) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

6) Департаменттің жұмыс жоспарын бекітеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарының сақталуына дербес жауапты болады.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

## 4-тарау. Департаменттің мүлкі

19. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қосқанда) есебінен қалыптасады.

20. Департаментке бекітілгенмүлік республикалық меншікке жатады.

21. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

## 5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Приложение 10
к приказу Заместителя Премьер-
Министра - Министра торговли и
интеграции Республики Казахстан
от «29» декабря 2022 года
№ 508-НҚ

**Республиканское государственное учреждение «Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Жамбылской области»**

## Глава 1. Общие положения

1. Республиканское государственное учреждение «Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Жамбылской области» (далее - Департамент) является территориальным органом Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан (далее - Министерство), осуществляющим в пределах своей компетенции регулятивные, реализационные и контрольные функции в сферах внутренней торговли и защиты прав потребителей.

2. Департамент осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

3. Департамент является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на казахском языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

4. Департамент вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

5. Департамент имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если он уполномочен на это в соответствии с законодательством.

6. Департамент по вопросам своей компетенции принимает решения, оформляемые приказами руководителя Департамента и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

7. Структура и штатная численность Департамента утверждаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8. Местонахождение Департамента:080000, Республика Казахстан, Жамбылская область, город Тараз, улица Колбасшы Койгельды, 188.

9. Полное наименование Департамент:

на государственном языке – «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке – республиканское государственное учреждение «Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Жамбылской области».

10. Настоящее Положение является учредительным документом Департамента.

11. Финансирование деятельности Департамента осуществляется за счет средств республиканского бюджета.

12. Департаменту запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся полномочиями Департамента.

Если Департаменту законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в государственный бюджет.

## Глава 2. Задача, права и обязанности Департамента

13. Задачи:

1) реализация государственной политики в сфере развития и регулирования внутренней торговли;

2) формирование целостной и эффективной политики в сфере защиты прав потребителей.

14. Права и обязанности:

1) запрашивает и получает в установленном законодательством порядке от государственных органов, организаций, их должностных лиц, а также физических и юридических лиц необходимую информацию и материалы;

2) координировать работу государственных органов Республики Казахстан в регулируемой сфере;

3) обращаться в суд при невыполнении или ненадлежащем выполнении физическими и юридическими лицами законных требований или предписаний, постановлений, выданных должностными лицами органов в сфере защиты прав потребителей;

4) организовывать оказание консультативной помощи организациям в регулируемой сфере, физическим и юридическим лицам в пределах своей компетенции;

5) пропагандировать знания по вопросам в регулируемой сфере;

6) создавать консультативно-совещательные и экспертные комиссии в пределах своей компетенции;

7) не разглашать информацию, составляющую коммерческую, служебную, иную, охраняемую законом, тайну, полученную при осуществлении своих полномочий, за исключением случаев, установленных законами Республики Казахстан;

8) проводить анализ применения законодательства Республики Казахстан в регулируемой сфере;

9) заключать меморандумы (соглашения) с руководителями местных исполнительных органов, направленные на достижение конечных результатов деятельности в регулируемой сфере;

10) исполнять указания и поручения руководства Министерства и комитетов торговли и защиты прав потребителей по курируемым направлениям;

11) составлять и представлять Комитету торговли информацию о деятельности Департамента в сфере внутренней торговли, а также в случае необходимости отчетные данные в сфере внутренней торговли;

12) составлять и представлять Комитету по защите прав потребителей информацию о деятельности Департамента в сфере защиты прав потребителей, а также в случае необходимости отчетные данные в сфере защиты прав потребителей;

13) тщательно и качественно рассматривать обращения, сообщения, предложения, отклики и запросы физических и юридических лиц;

14) реализация принципов модели «слышащего государства» в работе Департамента, доступности Департамента для граждан и институтов гражданского общества;

15) осуществлять иные права, предусмотренные действующими законодательными актами.

15. Функции:

1) разработка предложений по совершенствованию законодательства Республики Казахстан в регулируемой сфере;

2) разработка минимальных нормативов обеспеченности населения торговой площадью с учетом предложений местных исполнительных органов области, городов республиканского значения, столицы, района, города областного значения;

3) выработка предложений по развитию торговой инфраструктуры;

4) публикация информации по вопросам деятельности товарных бирж и биржевой торговли, за исключением сведений, составляющих коммерческую или иную охраняемую законом Республики Казахстан тайну;

5) разработка предложений по развитию торговой деятельности, а также созданию благоприятных условий для производства и продажи товаров;

6) инициирование, участие и организация совместно с Национальной палатой предпринимателей Республики Казахстан проведения республиканских и международных выставок и ярмарок;

7) взаимодействие с государственными органами, с физическими и юридическими лицами, неправительственными организациями, общественными объединениями потребителей по вопросам в регулируемой сфере;

8) обеспечение соблюдения законов и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан в пределах своей компетенции;

9) обеспечение реализации государственных и иных программ, проектов, стратегических планов в регулируемой сфере;

10) рассмотрение обращений физических и юридических лиц;

11) внесение предложений об отмене, изменении принятых государственными органами актов, нарушающих законодательство Республики Казахстан в регулируемой сфере, а также приведении их в соответствие с законодательством Республики Казахстан;

12) участие в организации и проведении республиканских и региональных семинаров, научно-практических конференций по вопросам в регулируемой сфере, планирования и исполнения бюджета, бухгалтерского учета и государственных закупок;

13) осуществление государственного контроля за соблюдением законодательства Республики Казахстан о защите прав потребителей в форме внеплановой проверки в соответствии с Предпринимательским кодексом Республики Казахстан и профилактического контроля без посещения субъекта (объекта) контроля в соответствии с Законом Республики Казахстан «О защите прав потребителей»;

14) проведение профилактического контроля без посещения субъекта (объекта) контроля на основании информации и отчетности, полученных от государственных органов, субъектов досудебного урегулирования потребительских споров, представителей законных интересов потребителей, в том числе через Единую информационную систему защиты прав потребителей, а также через средства массовой информации, по фактам нарушений законодательства Республики Казахстан о защите прав потребителей;

15) составление протоколов, рассмотрение дел об административных правонарушениях и наложение административных взысканий в порядке, установленном Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях;

16) вызов в органы по защите прав потребителей физических, должностных, юридических лиц для рассмотрения фактов нарушения законодательства Республики Казахстан в пределах своей компетенции;

17) составление и представление статистической отчетности в уполномоченный орган в области государственной статистики;

18) осуществление иных функций и направлений, возложенных на территориальные органы законодательством Республики Казахстан.

## Глава 3. Статус и полномочия руководителя Департамента при организации его деятельности

16. Руководство Департаментом осуществляется руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Департамент задач и осуществление им своих полномочий.

17. Руководитель Департамента назначается на должность и освобождается от должности в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

18. Полномочия руководителя Департамента:

1) определяет обязанности и ответственность работников Департамента;

2) назначает и освобождает от должности работников Департамента;

3) в установленном законодательством порядке решает вопросы командирования, предоставления отпусков, оказания материальной помощи, подготовки (переподготовки), повышения квалификации, поощрения, выплаты надбавок и премирования, а также привлечения к дисциплинарной ответственности работников Департамента;

4) представляет интересы Департамента в других государственных органах и иных организациях;

5) подписывает приказы Департамента;

6) утверждает план работы Департамента;

7) несет персональную ответственность за соблюдение требований законодательства по противодействию коррупции;

8) осуществляет иные полномочия в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

## Глава 4. Имущество Департамента

19. Департамент может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством. Имущество Департамента формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности, и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

20. Имущество, закрепленное за Департаментом, относится к республиканской собственности.

21. Департамент не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выделенных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

## Глава 5. Реорганизация и ликвидация Департамента

22. Реорганизация и ликвидация Департамента осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

8(сегіз) парақта тігілген және нөмірленген
прошнуровано и пронумеровано на 8 (восемь) листах

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ